



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
**ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ**

КҮРІШБАЕВ АҚЫЛБЕК ҚАЖЫҒҰЛҰЛЫ

ҚР Президентінің жанындағы
«Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғылым академиясы» КеАҚ
Басқарма Президенті



Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары -11
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі
ҚР Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі
ұлттық кеңестің мүшесі
Ресей Ғылым академиясының шетелдік мүшесі



Ғылыми жетістіктері: 200-ден астам ғылыми еңбектері (оның ішінде 20-дан астамы шетелдік жоғары рейтингтік журналдарда), 4 монографиясы жарияланған. Оның ғылыми жетекшілігімен 3 ғылым кандидаты және 5 PhD докторы дайындалды. 10 патент пен авторлық куәліктің авторы. ҚР АШМ МҚБ 2 ірі жобасының жетекшісі: (1) «Ауыл шаруашылығында Smart-жүйелерді құру мақсатында АӨК субъектілері үшін агротехнологиялар бойынша ғылыми-техникалық құжаттаманың ақпараттық базасын қалыптастыра отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуі мен дамуының DSSAT моделін бейімдеу негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі түрлерін өндіру үшін шешімдер қабылдау жүйесін, Smart-технологиялар негізінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді басқарудың интеграцияланған жүйесін құру»; (2) Солтүстік Қазақстан облысында «демонстрациялық шаруашылықтар (полигондар)» қағидаты бойынша өсімдік шаруашылығын өндіруде нақты фермерлік техниканы беру және бейімдеу».

Соңғы 5 жылдағы еңбектері:

Мақалалары: «Sunflower (*Heliánthus ánnuus*) Yield and Yield Components for Various Agricultural Practices (Sowing Date, Seeding Rate, Fertilization) for Steppe and Dry Steppe Growing Conditions» (2024г.), «TaDrAp1 and TaDrAp2, Partner Genes of a Transcription Repressor, Coordinate Plant Development and Drought Tolerance in Spelt and Bread Wheat» (2020г.), «Salt-induced expression of intracellular vesicle trafficking genes, CaRab-GTP, and their association with Na⁺ accumulation in leaves of chickpea (*Cicer arietinum* L.)» (2020г.), «Meaningful management of soil fertility and flax productivity» (2020г.), «The General Transcription Repressor TaDr1 Is Co-expressed With TaVrn1 and TaFT1 in Bread Wheat Under Drought» (2019г.).

Наградалары мен премиялары:

- А.И.Бараев атындағы премияның лауреаты (2001);
 - «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Ордені (2006).
-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ

ЖҰМАДІЛДАЕВ АСҚАР СЕРҚҰЛҰЛЫ

ҚР Президентінің жанындағы
«Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғылым академиясы» КеАҚ
Басқарманың Вице-Президенті



**Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 5
ҚР Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар
жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі**



Ғылыми жетістіктері: 200-ден астам жарияланым бар, оның ішінде 20-дан астам ғылыми мақалалары жоғары рейтингті рецензияланған журналдарда жарияланған. Оның жетекшілігімен: 1 докторлық диссертация, 8 кандидаттық және 4 PhD диссертациясы қорғалды. Дискретті математика бойынша оқулықтың авторы.

Наградалары мен премиялары:

- Ғылым және технологиялар жөніндегі республикалық кеңесші сыйлығының лауреаты (1983).
 - Александр фон Гумбольдт стипендиясының иегері (1995-1996).
 - Көрнекті ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендия иегері (2000-2004).
 - Қазақстан Республикасының Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының иегері (2011).
 - Ел Тұлғасы (Отан аты) Ұлттық жобасының «Ғылым» номинациясының көшбасшысы (2015).
 - «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2007) және (2015).
 - Оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі жетістіктері үшін «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісі иегері ТМД ПА (2016).
 - «Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, (2017).
 - «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері (2019).
 - «Академиялық әлеуетті дамытудағы Үздік тәлімгер» номинациясы бойынша диплом иегері (2023).
 - Хорезми атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері (Иран Ислам Республикасы).
-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
**ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ**

АҚШОЛАҚОВ СЕРІК ҚУАНДЫҚҰЛЫ

«Ұлттық нейрохирургия
орталығы» АҚ
Басқарма Төрағасы,
Қазақ нейрохирургтары
ассоциациясының президенті



Медицина ғылымдарының докторы, профессор Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 21 ҚР Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі



Ғылыми жетістіктері: Жетекшілігімен 250-ден астам ғылыми еңбектері (оның 80-і шетелдік журналдарда), 13 монографиясы (4-і Ресей Федерациясында) жарияланған. 13 патенттің авторы. Оның басшылығымен келесі клиникалық бағыттар белсенді дамыды: (1) микронеурхирургия; (2) функционалдық нейрохирургия; (3) мидың қан тамырлары ауруларын емдеу; (4) омыртқаның реконструктивті операциялары; (5) нейромодуляция және нейронавигацияны қолдану; (6) радиохирургия – Гамма-пышақ. 70 инновациялық технология енгізілді. Өңірлерге 65 технологияның трансферті жүзеге асырылды. Орталық 40 000 операция жүргізді. Оның ғылыми жетекшілігімен 29 диссертация қорғалды, соның ішінде 1 ғылым докторы; 25 ғылым кандидаты және 3 PhD докторы дайындалды.

Соңғы 5 жылдағы еңбектері:

Монографиялары: «Созылмалы субдуральды гематома» (2008 ж.), «Адамның эхинококкозы (эпидемиология, клиника, диагностика, емдеу және алдын алу)» (2009 ж.), «Мидың артериялық аневризмаларын эндоваскулярлық емдеу» (2012 ж.), «Омыртқа патологиясын емдеудегі Вертебропластика» (2012 ж.), «Қазақстан Республикасының нейрохирургиялық қызмет тарихы туралы» (2012 ж.).

Нағрадалары мен премиялары:

- «Нейрохирургияның жаңа бағыттарын және жедел емдеу әдістерін енгізгені үшін» Леденцов сыйлығының лауреаты (Ресей) (2021);
- Ерекше құрмет белгісі Алтын жұлдыз және «Отан» орденімен қоса «Қазақстанның Еңбек ері» атағы (2016);
- әл-Фараби атындағы Ғылым және техника саласындағы ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2013);
- Н.И.Пирогов атындағы сыйлықтың лауреаты (Ресей) (2008).

Патенттері:

- ҚР пайдалы моделіне 8 (сегіз) патент;
 - ҚР өнертабысына 8 (сегіз) патент.
-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ

ЛОКШИН ВЯЧЕСЛАВ НОТАНОВИЧ

«PERSONA» халықаралық
клиникалық репродуктология
орталығының жетекшісі



**Медицина ғылымдарының докторы, профессор
Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 11
ҚР Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі
ұлттық кеңестің мүшесі**



Ғылыми жетістіктері: Жарияланған 215 жмыстың, оның ішінде 5 әдістемелік ұсынымның, 3 монографияның, 5 рационализаторлық ұсыныстың авторы. Өнертабысқа 7 патенті бар. Репродуктивті медицина саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлеушілердің бірі. Жетекшілігімен 4 ғылым кандидаты мен 1 медицина ғылымдарының докторы дайындалды, Қазақстанда репродуктивті медицина саласында жұмыс істейтін практикалық дәрігерлер мектебін құрды.

Оның басшылығымен ғылымда жаңа бағыт - Репродуктивті медицина және көмекші репродуктивті технологиялар (КРТ) құрылды. Елде КРТ қолданудың құқықтық нормалары жасалды. Ғылыми-практикалық мектеп құрылды. 130-дан астам тәжірибелік дәрігер, 100 клиникалық эмбриолог дайындалды. 14 магистр, 5 медицина ғылымдарының кандидаты және PhD докторы даярланды.

ЭКҰ циклдерін МӘМС қаражаты есебінен қаржыландыру қажеттілігі негізделіп Президенттік «Аңсаған сәби» бағдарламасымен қолдау көрсетілді (ЭКҰ-ға квоталар саны 7 есеге артып, 7000 құрайды)

Заманауи клиникалық хаттамалар әзірленді.

Ол онкологиялық науқастардың репродуктивті әлеуетін – Онкофертильділікті сақтау мақсатымен медицинаның жаңа саласын құрды, ол үшін «Ресейдің үздік дәрігері», «Кәсіп» сыйлығымен марапатталды.

Наградалары мен премиялары:

- «Ресейдің үздік дәрігері», «Кәсіп» сыйлығының иегері (медицинаның жаңа саласын құрғаны үшін), (2021);
- «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі, (2012);
- «Денсаулық сақтау қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, (2020);
- «Халық алғысы» медалі, (2021).

Патенттері:

- ҚР пайдалы моделіне бір (1) патент;
 - ҚР өнертабысына екі (2) патент.
-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ

СҰРАҒАН ДӨРБЕТХАН

«Назарбаев Университеті» ДББҰ
қауымдастырылған профессоры



Математика PhD докторы, профессор

Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 59



Ғылыми жетістіктері:

- Жақсартылған Харди типті теңсіздіктер;
- Субэллиптикалық функционалдық теңсіздіктер;
- Харди типті теңсіздіктер үшін қалдық мүшелерді талдау;
- Лидің бітірген топтарындағы потенциалдар теориясы.

Қазіргі уақытта оның ғылыми жетекшілігімен мынадай жобалар іске асырылуда:

- (1) «Жергілікті емес және бөлшек модельдерді сапалы талдау» НУ және ҚазҰУ бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламасы (2023-2025жж.),
- (2) «Ли топтарындағы псевдопараболикалық теңдеулер үшін тікелей және кері міндеттер», НУ профессор-оқытушылық құрамын дамыту бойынша конкурстық зерттеулерге грант (2023-2025жж.),
- (3) «Харди теңсіздігін жақсарту», ҚР ҒЖБМ гранты, (2023-2025жж.).

Наградалары мен премиялары:


- Қонаев атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, (2013);
 - Математика саласындағы Ферран Суньер и Балагер сыйлығының иегері, (2018);
 - әл-Фараби атындағы Ғылым және техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, (2020);
 - ҚР «Үздік ғылыми қызметкер» Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, (2022);
 - Asian Universities allians стипендиясы иегері (Пекин университеті) (2019);
 - И.Ньютон атындағы математика ғылымдары институтының Симон қорының (Ұлыбритания) стипендиясы иегері (2022).
-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ

ЗДОРОВЕЦ МАКСИМ ВЛАДИМИРОВИЧ

ҚР Энергетика министрлігінің
«Ядролық физика институты»
Астана филиалының директоры



Физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 151 ҚР Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі



Ғылыми жетістіктері: 300-ден астам еңбегі жарияланды, 6 монографияның авторы, оның жетекшілігімен 4 Phd докторы дайындалып, трек мембраналары мен радиациялық материалтану бойынша ғылыми бағыт белсенді дамыды. 2010 жылдан бастап орталық базасында 50-ге жуық Phd диссертациялар сәтті қорғалды, оның ішінде 20 PhD диссертация Ядролық физика институтының Астана филиалының штаттық қызметкерлерімен орындалды. ҚР БҒМ және Дүниежүзілік банктің бағдарламасы бойынша «Трек мембраналарының негізінде сүзу материалдары мен металл наноқұрылымдарын құру» жобасының жетекшісі: ХҒТО (2012-2015); АЭХА (2019-2024жж.).

Наградалары мен премиялары:

- ҚР ең көп жарияланатын ғалымы ретінде Ғылым және техника саласындағы тәуелсіз Top Springer Author-2017 марапаты;
- «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі иегері, (2017);
- Дарын сыйлығы иегері, (2010 ж.);
- ҚР дарынды жас ғалымдарына арналған мемлекеттік стипендия иегері, (2012);
- Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған Д. А. Қонаев атындағы сыйлықтың лауреаты (2016);
- Ғылымға қосқан ерекше үлесі үшін жыл зерттеушісі Researcher of the Year («Жыл ғалымы») лауреаты, Elsevier (2018);
- Қ. Сәтбаев атындағы ғылым саласындағы сыйлық иегері, (2020);
- Ғылыми-техникалық қолданбалы жұмысы үшін ХҰҒЗҰ бірінші сыйлығының лауреаты (2021)
- «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының лауреаты (2022).

Патенттері:

Екі (2) Еуразиялық патент.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ

РАМАЗАНОВ ТІЛЕКҚАБЫЛ СӘБИТҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
профессоры



Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 31



Ғылыми жетістіктері: 500-ден астам ғылыми жұмыстың, 2 монографияның, 15 оқу-әдістемелік құралдың авторы. Оның жетекшілігімен 1 докторлық диссертация, 20 кандидаттық және 12 PhD диссертациясы қорғалды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде: (1) жүйенің белгілі бір параметрлерінде тығыз классикалық плазма сұйықтық сияқты әрекет ететіндігі көрсетілген; (2) ұжымдық және кванттық әсерлерді ескере отырып, тығыз квазиклассикалық плазма бөлшектерінің өзара әрекеттесуінің жаңа модельдері ұсынылған; (3) тығыз, идеалды емес плазмада электрондардың қашуының аномальды әсері анықталды: плазма тығыздығының жоғарылауымен электрондардың қашу әсері күшейеді (квази-байланысқан күйлердің пайда болуы); (4) идеалды емес плазма үшін жалпыланған кулондық логарифм алынды; (5) поляризация, дифракция, симметрия және алмасу әсерлерін ескере отырып, ішінара иондалған идеалды емес плазманың кең ауқымды күй теңдеуі алынды; (6) қосымша плазма көздерін пайдаланбай ССР-PECVD негізінде көміртекті наностендерді (УНС) синтездеудің энергияны үнемдейтін әдісі әзірленді; (7) УНС негізіндегі газ және электрохимиялық датчиктер әзірленді және жасалды және CO₂ газының өртүрлі концентрациясы мен құрылғылардың температурасы үшін газға сезімтал қасиеттері зерттелді; (8) кремний субстратының бетіндегі тұрақты, мөлдір супергидрофобты жабындар, кремний нанокластерлері (кванттық торлар) алынды.

Наградалары мен премиялары:

- «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісі иегері (2009);
- әл-Фараби атындағы Ғылым және техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2015);
- «Web of Science Core Collection/Clarivate Analytics», (Ғылым көшбасшысы) сыйлығының лауреаты (2017)
- Ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия иегері (2002-2006 жж., 2016-2018 жж.);
- «Scopus Award ceremony in Kazakhstan «Жыл ғалымы» сыйлығының лауреаты (2018).

Патенттері:


- ҚР пайдалы моделіне 5 (бес) патент;
 - ҚР өнертабысына 5 (бес) патент.
-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ

ТҰРЫСПЕКОВ ЕРЛАН КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

«Өсімдіктер биологиясы және
Биотехнологиясы институты»
ШЖҚ РМК Молекулалық генетика
зертханасының меңгерушісі



Биология ғылымдарының кандидаты, профессор Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 28



Ғылыми жетістіктері: 180-нен астам ғылыми еңбектері, оның ішінде халықаралық жоғары рейтингті ғылыми журналдарда жарияланды, 4 монография, 4 ғылыми-әдістемелік ұсыным, ауыл шаруашылығы дақылдарының 4 (аудандастырылған) сорттарының бірлескен авторы. Жұмсақ бидай, қатты бидай, арпа және соя коллекцияларындағы ассоциацияларға геномдық талдау жасады. Бидай, арпа және сояның экономикалық құнды белгілерінің жаңа ДНҚ маркерлерін анықтады. Қазақстанда бидай, арпа және соя селекциясының тиімділігін арттыру үшін ақпараттық SNP-маркерлер жиынтығын жасады. Арпадағы гүлденудің жабық түріне жауап беретін гендердің генетикалық және физикалық картасын жасады. Арпадағы гүлдену түрін бақылаудың молекулалық-генетикалық механизмі орнатылған. Қазақстанның жабайы флорасының сирек кездесетін және шаруашылық маңызы бар түрлерінің молекулалық таксономиясын зерттеді: қызғалдақ, жуа, жусан, сарғалдақ, кекре, арша және т. б.

Практикалық нәтижелері: ҚР аумағында пайдалануға рұқсат етілген бидай ("Зарина" және "Татьяна"), арпа ("Шахристан") және соя ("Зара", "Данелия") сорттарының бірлескен авторы.

Оның ғылыми жетекшілігімен 3 PhD докторы дайындалды.

Наградалары мен премиялары:

- В. Фулбрайттың американдық стипендиясы иегері (АҚШ-та ғылыми зерттеулер жүргізу үшін), (1996);
- Жапонияның Халықаралық Ғылым және технология алмасу орталығының стипендиясы иегері (STA), (1998);
- ҚР БҒМ «Ғылым мен техниканы дамытуға қосқан үлесі үшін» мемлекеттік стипендиясы иегері (2018);
- ҚР «Үздік ғылыми қызметкер» мемлекеттік сыйлығы иегері (2022);
- «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі иегері (2014);
- Thosom Reuters «Ғылым көшбасшысы» дипломы (2015) және Scopus Awards Kazakhstan 2022 иегері .

Патенттері:

- Селекциялық жетістіктерге төрт (4) патент.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
**ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ**

БІЛӘЛОВ ДАРХАН НҰРЛАНҰЛЫ

«Назарбаев Университеті» ДББҰ
Вице-президенті



Жоғары білім беру саласы бойынша PhD докторы Соңғы 10 жылда WOS Q1-Q2 жарияланған мақалалары - 3



Ғылыми жетістіктері: 4 авторлық куәлігі, жоғары рейтингті Studies in Higher Education, Higher Education Policy, European Education және Teachers College Record журналдарында 40-тан астам жарияланымдары бар.

Ғылыми жобалары:

- Арнайы педагогтарды инклюзивті бағдарланған даярлау;
- Honors College типі бойынша академиялық артықшылық моделі арқылы білім беру саласына білікті кадрлар даярлау;
- Білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері;
- Қазақстанның мемлекеттік және жекеменшік мектептеріндегі жан басына шаққандағы қаржыландыру моделі және жеткіліктілік, теңдік және есеп беру мәселелері;
- Инновацияларды дамыту және Қазақстанда жоғары білім сапасын арттыру үшін университеттер мен өнеркәсіп арасындағы әріптестік;
- Университет пен қоғамға қызмет ету: Азияның алты университетіндегі профессор оқытушылық құрамын салыстырмалы зерттеу.

Қызметі:

- Еуразиялық педагогикалық университеттер қауымдастығының Вице-президенті (2022-2023);
 - Жоғары білімнің ұлттық сарапшысы (Higher Education Reform Experts-HERE).Erasmus+ бағдарламасы;
 - «NAC Analytica» КҚ қамқоршылық кеңесінің төрағасы (қазіргі уақытқа дейін);
 - Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мектеп-интернатының қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
 - Қазақстандық білім беру саласындағы зерттеулер қауымдастығының Президенті.
-